

FTAMP 17.07.41

Қарлығаш Байтанасова¹, Гүлбану Нұрлыбек²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ¹Beka-talgat@mail.ru, ²Banu_8806@mail.ru)

Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер кездесетін біршама шығармалар туралы баяндалады. Әр туындыға арқау болған фольклорлық танымға ғылыми тұрғыда тұжырым жасалды. Сондай-ақ, қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер жаңаша бағытта қайта жаңғырып, көркемдік сипатта қолданылып жүргені бағымдалады. Көркем әдебиетті өзге өнер түрлерінен бөліп алудың өзі оның сан қырлы сипатын танытады. Солардың ішінде фольклордың мәні ерекше. Фольклор мен әдебиеттің тарихи өзара байланысы әлем әдебиеті дамуының ең бір маңызды сипатын береді. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы күрделі тарихи заңдылықтардың ашылуы, ақын-қаламгерлердің фольклордың нақты, тарихи, мәнді кезеңдеріне назар аударуы оның нақты бір ұлттық ерекшелігін, халықтығын танытудың бірден-бір құралы. Фольклор мен әдебиет – екі эстетикалық жүйе. Сондықтан да екеуіндегі болмысты тану құралдары бірдей емес. Фольклор мен әдебиет арасындағы байланыс әр дәуірде әр түрлі сипатта болды. Кейбір дәуірлерде бұл процесс жанданып отырса, кей дәуірлерде бәсеңдеп отырған. Осыған қарамастан, әдебиет пен фольклор арасындағы ықпалдастық үнемі жалғасып отырды. Бүгінгі әдебиетте де фольклорлық дәстүрлерге, оның көркемдік сипатына назар аудару тереңдеп отыр. Жалпы алғанда, фольклорлық шығармалар халқымыздың бұрыннан келе жатқан таным-түсінігінің формасы екендігі айтылады.

Түйін сөздер: проза, фольклорлық мотив, фольклорлық дәстүр, этно-фольклор, ұлттық таным-түсініктер, .

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-36-44>

Кіріспе. Бүгінгі күні жаңа өзгерістерге түскен қазақ прозасының тарихи даму жолы әрқилы сатылардан өтті. Әсіресе, ұлттық прозадағы этно-фольклорлық үрдістердің көркемдік кеңістігін ғылыми тұрғыдан саралау артта қалып келген еді.

XX ғасырдың басында жазылған шығармаларда әлемдік және түркілік фольклорда жиі кездесетін тұрақты мотивтер мен сюжеттер қатары молынан кездеседі.

«Фольклор» – ағылшын сөзі, «халық даналығы» деген ұғымды береді. Алайда, бұрынғы СССР-ден басқа өркениетті елдерде «фольклор» кең мағынада түсініледі. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, ырымдар мен ғұрыптарды, салттар мен нанымдарды жатқызады. Сол себепті ол елдерде «фольклор» сөзімен қатар көбінесе «этнография» сөзін қолданады, ғылымын «этнология» дейді. Ал, бұрынғы СССР-ді және социалистік лагерьді құраған елдерде «фольклор» терминімен тек халық әдебиетін, дәлірек айтқанда халықтың ауызша туып, ауызша орындалатын шығармаларын атау орныққан. Бұл дәстүр XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде, XX ғасырда соған қараған халықтардың ғылымында орын тепті» [1, 6 б.].

Мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен, оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әртүрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді.

Мотив термин ретінде 20 жылдардан бері А.Веселовский, В.Я. Пропп еңбектерінде зерттеле бастады. Бұл зерттеушілер әр халық ауыз әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, дәуірден дәуірге көшіп жүрген сюжеттік сарындар бар деп қарайды» [2, 17 б.]. Дегенмен, мағынасы жақын сюжеттік сарынды өз кезеңінен, белгілі бір шығарманың шешімінен, ұлттық әдеби процестен бөліп қарастыру тиімді болмасы анық.

Тақырыбы ұқсас болып келу көбінде өмірден туындайды, бұларды халықтар тұрмыс-тіршілігіндегі сәйкестіктің фольклорлық шығармалардағы сипаты деуге болады. Кей жағдайда бұндай ұқсастықтарды саралап, қалыпқа түскен дәстүрлі сарындар тобына жатқызып жатады немесе туындының ара-арасында бір айшықтың өзі жеке бөлімі тәрізді болып келуі мүмкін, мысалы, ауыз әдебиетіндегі сиқырлы айна, ақымақ қатын бейнесі, әкесі мен бала-сының жекпе-жегі, абжыланның ханшаны ұрлап әкетуі т.с.с. кейбір жанрда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Мотивтер көркем шығармада, оқиғалы, драмалық туындыларда анық көрінеді. Мұндай туындылар тізбегіне фольклорлық шығармаларды да жатқызуға болады. Жалпы алғанда, фольклорлық туындылар халқымыздың көнеден бергі ойлауының негізінде пайда болған таным-түсінігінің формасы. Фольклорлық таным-түсініктер әр елдің ойлау жүйесінің ерекшелігін аңғартады. Сондай-ақ, тіршілік етіп отырған ортаның қыр-сырын ұғынуға, сезінуге, әр алуан тылсым құпияның себебін анықтап, қасиетін тануға бағдар береді.

«Қазақтың белгілі ғалым академигі Ә. Марғұлан да «Халық шығармашылығын туғызудағы негізгі мотивтер арқылы берілетін түрлі таным-түсініктер ойлау жүйесінің өз кезеңіне тән көрінісі, дәрежесі» деп түсіндіреді [3, 41 б.].

Фольклорлық шығармаларда ерекше атап өтетін, тіпті бүгінгі күнге дейін өзіндік әсер беріп жүрген таным-түсініктердің бірегейі – адам табиғатпен тең әрі ажырамайтын бір бөлшегі іспеттес болып көрсетілуі.

Қазақ шығармаларында фольклор жазушылардың эстетикалық ізденістерінің көркемдік әрі рухани феномені ретінде байқалады.

«М. Әуезовтің көркемдік әлемі мен қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғылыми тұрғыдан алғанда аса маңызды, мәнді мәселе екендігінде сөз жоқ, мұның өзі арнайы зерттеуді қажет етеді. Осы орайда М. Әуезовтің дәстүрі мен қазіргі қазақ романының эстетикалық ізденістерін, жаңашылдық сипатын, оларға ортақ және дара белгілерді анықтау тарихи дәуір шындығын көркем бейнелеудің басты ерекшеліктерін жаңа қырынан тануға бастайды» [4, 52-53 б.]. Өткен ғасырдың басындағы қазақ прозасының көрнекті өкілдері – М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтардан бастау алатын прозадағы фольклорлық үрдістер 60-80 жылдар прозасында өзгеше көрініс берді. Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Т. Әбдік, А. Сүлейменов, Д. Исабеков, О. Бөкей, С. Жүнісов т.б. жазушылар өз туындылары арқылы ұлттық танымдағы құндылықтарды ашудың жолын тапты. Социалистік реализмнің құрсауында жүрсе де, ұлттық құндылықтар мен этно-фольклорлық дүниелерді көпшілік қауымға танытудың өзіндік жолын таба білді. Ал, қазіргі тәуелсіздік тұсында бұл дәстүр қайтадан жандану үстінде. Оны ғылыми тұрғыдан дамыту мақсатында академик С.А. Қасқабасов, Т. Тебегенов, Ж. Ибрагимова, А. Мәуленов және Ж. Дүйсенбаеваның еңбектерін басшылыққа аламыз. Жалпы жинақтай айтқанда, онда ғалымдар жазба әдебиеттің проза, драматургия, поэзия сынды жанрларындағы фольклоризм көріністерін ашып, әдебиет пен фольклордың байланысын анықтап, фольклор мен әдеби дәстүр, өнер психологиясы мен шығармашылық мәселелерін алға шығарды. Яғни, жазба әдебиеттің этно-мәдени сипатын жан-жақты зерделеді. Көркем прозадағы фольклорлық үрдістің зерттелу деңгейі фольклор мен әдебиет туралы монографиялар мен жекелеген зерттеу еңбектерде белгілі бір тақырып аясында сөз етілді.

С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен жазба әдебиеттің поэзия, проза, драматургия жанрларындағы фольклоризм көріністерін жаңаша пайымдаған «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық еңбекте тәуелсіздік тұсындағы әдебиет пен фольклордың байланысы қарастырылған.

Қазіргі таңда өресі биіктеп, алдыңғы тізбекке жеткен, қазақ прозасының халық мұрасымен қатынасын анықтау – оңай іс емес. Бұған себеп - әр проза тілінің өзі халықтық тілден бөлініп, автордың стильдік талғамына салынып, сөз саптауы жетіліп, басқаша үлгі-

ге ұласады. Сондай-ақ, фольклорлық сюжеттер, тақырыптар, образдар прозаға өзгеріссіз келмейді, ол жазушының бағдарына қарай өзгеріп, өзінің эстетикалық талабына сай рәсімделеді. Жазушы оны өңдеп, өз туындысына белгілі бір қажеттілік төңірегінде пайдаланады. Тағы бір айтатыны, халық мұрасындағы эпикалық уақыт пен кеңістік прозада шынайы өмірлік көрініспен беріледі. **Қорыта келгенде**, фольклорда баяндалатын оқиға сәтті әрі бақытты түйінмен аяқталатын болса, ал кемелденген прозада көркем шығарма әртүрлі жағдайда аяқтала береді. Айналып келгенде, мұның барлығы фольклор мен әдебиеттің байланысы төңірегінде жазушының фольклорға қатынасы – ең маңызды аспектілердің бірі. Яғни, жазушының фольклорға қызығушылығы бар ма және оны өз шығармасына не үшін қолданды деген сауалдарға жауап береді.

Зерттеу барысында біздің қарастыратынымыз қазақ прозасында кездесетін фольклорлық мотивтер. Проза мен фольклор арасындағы байланыс адамзат баласының мінез-құлық нышандары мен табиғатпен арақатынасының арқасында көрініс береді. Әдетте, көркем прозада мұндай фольклорлық жан бітіру тәсілдері көл, тау, ағаш, тасқа байланысты қолданылады. Сондықтан да, прозалық шығармалар өзінің әуелгі бастауын ертегі мен әңгіме, хикаяттардан алған.

Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың асқан шебері М.Мағауиннің «Шақан-Шері», «Жармақ» романдарында, «Қыпшақ аруы», «Кесік бас - тірі тұлып» хикаяттарында, «Қуыршақ» әңгімесінде фольклорлық үлгілерді молынан пайдаланғанын байқаймыз.

Қаламгердің жануарлар әлемін негізге ала отырып жазған туындысының бірі «Шақан-Шері» романы. Бұл романда ұлтымыздың салт-дәстүрін жан-жақты көрсете отырып, адамның жан дүниесіндегі өзгешеліктерді хайуанаттармен байланыстыру арқылы беруді ойлайды. «Шақан-Шері» романында ержүрек, батыл аңшы Шақанның өмірі суреттеледі. Шығармада жазушы қазақтың бұрыннан келе жатқан аңшылық-саятшылық өнерін этнографиялық тұрғыдан дәл, шебер суреттей алғаны айқын көрінеді. Адам мен аң арасындағы ескі ұғымды қайта жаңғыртып, көркемдік тәсілді пайдалану арқылы оқырманның жүрегіне жол тартты.

Аңшылық – адамзат тарихында алғашында күнкөріс әрекеті ретінде болған. Уақыт өте келе үлкен кәсіпке, шаруашылықтың біріне айналды. Аңшылық құрудың тәсілдері де көбейе бастады. Мысалға, қыран, қаршыға, сұңқар сияқты құстармен алу, құмай тазымен аулау, қару – жарақтармен (садақ, мылтық), жабдық - саймандармен (тұзақ, абақ, шаншу, қақпан, атқы), әр түрлі амалдармен (орға жығу, қысаңға қамап, сойылмен ұру, құм қақпан) аулау тәрізді түрлері бар. Аңшылық туралы М.Әуезовтің мынадай сөзі бар: *«Аңшылықтың үміт, қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл – салқындап кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген зашығыңды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніңдей ыстық сезім өмір. Өйткені бір минуттың ішінде қуантатын да, жүдететін де сәттерді басынан кешіреді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болғанайласына, құсшының ебіне арналған талай шешен сөздер бар. Аңшылық өмірінен ілгері – соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелері көп»* [5, 18 б.].

Романда *«Жолбарыстың жүрегін жеп, талғағы тарқаған ана мың сан жаудан қайтпайтын қара болат батыр туады»* деген жолдар кездеседі [6, 20 б.]. Бұл жерде де жазушы қазаққа сонау ғасырлардан бері мәлім жәйт, аяғы ауыр әйелдің жерік асын жесе іштегі баланың жетілуіне, дамуына жақсы әсер етеді деген түсініктің болғанын көрсетеді.

Шығарманы оқи отырып, батырлық эпостағы көріністер көз алдына елестейді. Әсіресе, эпилогын оқыған кезде «Қамбар батыр» жыры суреттелгендей болады. Жолбарыспен жекпе-жекке шығып, оның тұяғын соңына дейін жойып жіберуі, тек батыр, жүректі адамның ғана қолынан келері сөзсіз. Шақанның өміріндегі жалғыз ұрпағы баласынан айырылуы, әйелінің де қанішер жолбарыстың арынды аузының құрбаны болуы жүрегіне

өшпес қайғы, жазылмас жара салады. Адам болып туылғандықтан әрбір пенде ұрпақ сүйіп, отбасын құрып, бақытты ғұмыр кешуді армандайды. Ал, бір сәтте қолындағы барынан айырылып, өмірінің тас-талқан болуы Шақанның жүрегіне жеңіл тиген жоқ. Осы тұста да шығарманың мәнісі фольклорлық санамен ұштасып жатқанын көреміз. Бірақ, Шақан эпостық шығармалардағыдай батыл жүректі батыр емесі байқалады, оны мына бір оқиғадан да көруге болады: «Шақан буын-буыны әлсіз дірілдеп, жерге түсті. Сол кезде ғана көрді. Жүндіктер аттың асты көл-көсір, сап-сары: жолбарыс шапқан кезде шүмегі ағытылып кеткен екен. *«Менің өзім де бұтыма жіберіп қоя жаздадым»*, - деп ойлады Шақан» [6, 30 б.]. Қазіргі қазақ прозасының бір ерекшелігі де осы, адамның психологиялық көзқарасын болып жатқан оқиғамен қатар қоя отырып суреттейді.

Сонымен, Шақан мінсіз эпикалық қаһарман емес, ол жолбарыс сияқты ауызы арынды аңды аулауға ақырындап машықтанды. Ақырында кек алу үшін нағыз жүрек жұтқан ер жүрекке айналды.

Табиғаттың мақұлық күшінен батырлығымен ерекшеленетін ескідегі аңшы-мерген тұлғасын жаңғыртып, тұжырымды ой айта білген «Шақан-Шері» туындысы осыған дәлел. Яғни, қай кезде болмасын фольклор және әдебиеттің бір-бірімен байланысы кейде табиғи, кейде мақсатты түрде әрдайым жалғасын тауып отырады. Ал бұл үдеріс проза жанрының өзгешелігін көрсетіп, бір жағдайда анық, ал кей кезде көмескіленіп көрінуі заңды құбылыс. Өйткені, поэзияда байқалатын шеберлік немесе драмадағы көрерменді баурап алу қасиеттері проза жанрында өз заңдылығына сай дамып отырады. Сондай-ақ, фольклор әдебиеттің алдында пайда болып, осы күнге дейін сан мыңдаған ғасырлардың әр түрлі кезеңдерінен өтіп, өзіндік көркем әлемін қалыптастырған. Сол себепті, жазушының фольклорға деген көзқарасында тек талантын ғана көрсетіп қоймай, тереңіне үңіліп жазғаны абзал.

Келесі «Жармақ» деген романында Қазақстанның бүгінгі қоғам аясындағы шешімін таба қоймаған белді мәселелері сөз болған. Мұнда *бас кейіпкерлер екіге жарылады. Бірі – Қазыбеков Мұрат - ұлттың рухын жоқтаушы, қарапайым тарихшы; ал, оның екінші бөлісегі – Қазыбеков Марат - оған қарама-қарсы бейнеде, бай, дәулетті бизнесмен кейпінде. Бір адамның тәні екіге бөлінгенімен ішкі жандүниесі мүлдем бір-біріне ұқсамайды.* Бұндай оқиға қазақ ертегілерінде де кездеседі. Яғни, қазақ фольклорында кездесетін сарын осы шығармаға да арқау болған.

М.Мағауин қазақ қоғамында болып жатқан жаңа қазақ пен ескі қазақ деген сияқты ұғымдардың қайшылығын көрсете отырып, бұл кесел ары қарай белең ала берсе, ұлт болашағына, қоғамға үлкен зиянын тигізетінін хабардар етіп тұр. Сондай-ақ, әлеуметтік теңсіздік, отбасылық құндылық деген сияқты мәселелердің де сөз етілетіні байқалады. Бірақ бұл шығармадағы оқиғада фольклорлық сарын басым болып тұрғаны көрінеді. Өмірде шын мәнінде, адамның екі денеге жарылуы шындыққа жанаспайды, тек мифологиялық түсінік бойынша осыған ұқсас оқиғаларды кездестіруге болады.

Осыған үндес Оралхан Бөкейдің «Мұзтау» шығармасы. Мұнда да кейіпкердің жаны екіге жарылып, бірі - аңшы, бірі - Ақтан болып өз-өзімен айтысады. Жазушы бұл шығармасының өзегінде қоғамда осынша адам бола тұра неліктен жаны жалғызсырайды деген сауалға сұрақ іздегендей. Сондай-ақ, Оралхан Бөкей осы туындысы арқылы қазақтың бойындағы рухтың жоғары екендігін, адамды тәрбиелейтін де рух екенін көрсетпек болған.

Қазақ әдебиетінде Ж.Аймауытовтың «Елес» атты әңгімесі де осы сарындас. Жазушы белгісіз біреумен дауласып, әңгімелеседі. Ол өзінің елесі болып шығады, яғни жанының екіге жарылып, елесі болып көрініп, өз-өзімен сөйлесуі шығарманың басты идеясы еді.

Фольклор мен прозаның арасындағы байланыс, адамның мінезіндегі қасиеттерін табиғатпен егіздеп, жансыз затты жандандыру тәсілінен де көруге болады. Осы тұста Мұхтар Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесін айтуға болады. Мұнда халық арасында айтылатын жансорғыш әйел туралы оқиғаны арқау етеді. Бас кейіпкер Құрман - білімді жігіт, сүйген

қызы алматылық - Қуыршақ. Екеуі би кешінде танысып, бір көргеннен ғашық болады. Күнде кезіккен сайын жігіттің әлі кетіп, ал қыз керісінше жайнап отырады. Содан Құрманның жүрегі бірнәрсені сезгендей қыздан құтылудың жолын іздейді. Күткені алдынан шығып, Новосибирскіге оқуға жолдама алып, ойланбастан кетіп қалады. Кетуінің басты себебі де Қуыршақ қыздан құтылу еді. Қанша өліп-өшіп сүйіп тұрғанмен, көңілінде бір күдік болады. Кетер алдында сүйген қызы кәдімгі ойыншық қуыршақ сыйға тартады. Ендігі жерде осы ойыншыққа жан бітіп, оның түсіне енуі қатты мазалай бастайды. Сосын оны жанып жатқан отқа салып жібереді, бірақ қуыршақтың жылаған дауысын естігендей болады. Кейіннен екеуі Алматыда тағы бір кездеседі, сонда қыз **«махаббатымызды жазғып жібердің, аяқ-қолымды байлап тастадың»** дегенде Құрман тағы аң-таң күйге түседі. Арада көп жылдар өтіп, Құрман балалы-шағалы болған уақытта қыз тағы түсіне кіріп, бойын бір үрей билейді. Жаман бірдеңенің боларын сезгендей досына осы оқиғаны баяндап береді. Әңгіме соңында қыздың елесі түсіне еніп, оны көтере алмай жүрек талмасынан қайтыс болады.

Жазушы бұл шығармада **демонологиялық бағытты** (постфольклор) қолданады. Жалпы, фольклорлық жанрда болатын шарттардың (елес, түс, қараңғы түндегі оқиға, наным-сенімділік т.б.) барлығы дерлік кездеседі. Түс көру тақырыбы кез келген туындыдағы кейіпкерлердің бейнесін ашуға, олардың жандүниесіндегі құпия-сырларына бойлауға, образдылық пен ойдың анық берілуіне таптырмайтын әдіс ретінде көрінуі қазіргі әдебиетіміздің фольклорды жаңаша деңгейде пайдаланғаны деп білеміз. Фольклорда бұрыннан белгілі бұл тәсіл адам мен қоғамды байланыстыратын аллегориялық күрделі әдіске айналғаны да фольклордың жаңа бетбұрысы іспеттес. Жазушы кейіпкердің санасының түбіндегі ерекше ойын жеткізу үшін керемет әлемге еніп, түсі мен өңіне баруы фольклорлық түсініктердің автордың ойымен ұштасып, туындының негізі адам жанының шынайылығына, ізгі ниетімен үндестік тауып, біте қайнауы, фольклор жазатындар үшін барша адамды жақсылыққа шақырудың айрықша түрі деуге болады.

Қазақ әдебиетінде соңғы уақытта осы бағыттағы шығармалар көптеп жазылуда. Бұл туындылардың барлығы дерлік, адам жан дүниесін қоғамдағы өзгерістермен байланыстыру арқылы ертегі, аңыздардағы мотивтермен ұштастырып отыр.

М.Мағауин шығармашылығындағы шоқтығы биік шығармасының бірі - «Қыпшақ аруы» хикаяты. Шығармада Кеңестік кезеңде өмір сүрген жігіт бұл өмірден өткен дәуірге өтіп, қыпшақ ханы Көкбектің ұлы бәдізші Саржанның өміріне тап болады. Яғни, екі түрлі заман, өткен мен бүгін, өлі мен тірі, адам мен аруақтың тілдесуі, оқиғалар бір-бірімен алмасып отырады. Жазушы шынайы өмірден алыстап, оқиға желісін фольклорлық таным бойынша сабақтастырғанын аңғарамыз.

Сондай-ақ, көркем шығармадағы мифопоэтикалық символдардың орынды жұмсалыуы, уақыт пен кеңістік арасындағы жалғастық, әр түрлі дәуірде өмір сүрген бейнелерді жүйелі байланыстыру құбылыстары да ерекше байқалып тұр. Тағы бір айтылатын нәрсе - жанұялық дәстүрдегі: *авункулат*, *кувада* сияқты ескі ұғымдардың көркемдік мағынасы мен ұлтымыздың әртүрлі әдет-ғұрпы және жанұядағы ана мен әке, ұл мен қыз, келін сөздерінің фольклорлық сипатта айтылуы да туындының ұлттық бояуын қоюландыра түсті.

Саржан альбомды қарап отырып, қыпшақтың сұлу қызының мүсінін көреді де бірден ғашық болып қалады. Содан мүсін орналасқан Украинаның Херсон қаласына барып, қыпшақ тарихымен танысады. Сонымен, мүсіндегі қыз – Айсұлу бегім бір кездегі Көкбек ұғлы Саржан екенін ұғады. Содан мүсінші өкіметтен мәрмәр тастар алып ертедегі мүсіндерді (өзі мен Айсұлуды) қашап, оларға жан бітіргісі келеді. Мүсіндерді аяқтағанша ол екі әлемнің ортасында жүреді. Ақыры, соңына дейін аяқтап, досы арқылы мүсіндерге жан бітіреді. Сонымен Саржанның жаны өзі жасаған тасқа айналып, 1173 жылға кетіп қалады. Қырық күннің ішінде жасаған мүсіндері, сондай-ақ энциклопедиядағы өмірбаяны да жоға-

лып кетеді. Бұл жерде қырық күн де жайдан жай айтылған жоқ, түсінік бойынша рух қырық күннің ішінде о дүниеге өтеді екен. Ақыр соңында, Айсұлу мен Саржан екеуі де осы өмірге қайта оралып, балалы болып бақытты ғұмыр кешеді.

Жазушы эпикалық санамыздағы осы мотивті әдейілеп есімізге түсіріп отыр. Жалпы айтқанда, автор фольклорлық үлгідегі образдарды кеңінен пайдаланған. Ол мүсіншіні өткен ғасырлар қойнауына аралата білді, нақты дерек көздерін көрсете отырып, қазіргі күнгі өнер иесінің ерекше бейнесін, қилы өмірін, ұлттық рухын іздеу барысындағы күрес жолын, бұл аралықтағы көптеген жолкеспе әрекеттерді айқын суреттеген.

Бұл шығармада Саржан деген мүсінші жігіттің қиыншылық көрген тағдыры арқылы сол заманның әрқилы қыспақтары көрініс береді. Сондай-ақ, мұнда мифопоэтикалық символдарды қолдану арқылы, шығарманың деңгейі биіктегені байқалады. Туынды мазмұнында қазіргі күннің көрінісі шынайылықпен беріліп, ақиқат өмір баяндалады.

Д.Исабековтың «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі» повесінде кездесетін біршама есімдер (дию, албасты, сайтан, мыстан) бұрындары көне ұғымдар қатарында болса, қазіргі уақытта қазақ прозасына қайта келіп, қайтадан жаңғырып отыр. «Пері мен періште», «Сүйекші», «Тіршілік», «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі», «Шойынқұлак», «Қара шаңырақ», «Шалдар», «Кемпірлер», «Қабылан», «Ескі үйдегі жаңа қоныс» сияқты туындыларының атауын ғана емес, кейіпкерлер жүйесін, оқиғалардың байланысуын фольклорлық заңдылықтардың көркем әдебиеттегі жаңғыруы ретінде көре аламыз.

Д.Исабековтың «Сүйекші» сияқты шығармасына тоқталсақ, бұл **экзистенциализм** бағытында жазылған туынды. Мұнда фольклорлық прозаға тән (қараңғы түн, бейіттер, диуана, наным-сенім, түс көру, отбасылық құндылық) тұстар көп. Өмірі толығымен бір шығарма желісіне айналған бейне - Тұңғыш рухани құндылықтан, сезім атаулыдан ада қалып, құр денесі ғана тірі жүрген пенде еді. **Тұңғыш - Аманат - Кеңкелес - Диуана - Үндемес** сияқты тағдырының маңдайына жазған есімдері де оның жандүниесіне ешқандай әсер етпейді.

Отбасын асыраймын деп өлім құшқан әкесі, баласын бір көремін деп үсіп қалған анасы, нәресте бауырының өлімі – бұлардың барлығы қатал тағдырдың құрбандары еді. Тұңғыш қаншалықты жақсы көру, сағыну деген сезімдерден жұрдай болып қалса да әке-шешесін есінен бірде бір шығарған емес. Түсіне кірсе *«бар тапқан-таянғанына мал алып, қан шығарып, құран оқытып, тіпті болмай жатса, отқа май тамызып аруағы риза болса екен»* деп дұға бағыштайды. Бұл жерде жазушы «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген түсініктің маңыздылығын айқындап тұр.

Жазушы Тұңғыштың анасы балаларына, жанұясына өте мейірбан екендігін де бірер сюжеттер арқылы беріп өтеді. Әкесі нан табудың қамымен апталап, айлап кеткен күндерде жоқтығын сездірмей балаларын барынша еркелетіп, ойнатып, сырттан аяқ дыбысын ести қалса әкең келген болар деп жүгіріп шығуынан отбасының қамқоршы От-Анасының бейнесін көреміз. Осы орайда, көне түркілік Ұмай ана нышандары байқалады.

Шығармада диуананың Тұңғышқа: - *Егер қонатын жер таппасаң молаларға түне, аруақтар бар жерде жын-перілер болмайды,* - деген сөзінен фольклорлық пайымдауды аңғарамыз. Аруаққа табыну, молалардың басына тәу ету сияқты түсінік бұрыннан бар ұғымдар.

Шығармада қатыгез Үкітай ақыр соңында төрт бірдей баласынан айырылуын, өзінің өмір бойы жетім-жесірге тарттырған азабының, көз жасының өтеуі деп санайды. Шын мәнінде, біздің таным бойынша жетім-жесірге пана болып, көз жасына қалмай желеп-жебеп отыруды әрбір қазақ біледі. Осындай жағдайлар ұлттық құндылығымызды, салт-санамызды қастерлеп, ата-баба рухын құрмет тұту керектігін көрсетеді.

Көркем шығармада фольклорлық жанрларды шығармашылықпен байланыстыру үрдісі белгілі жазушы Т.Ахтанов шығармашылығында да көрініс береді. Жазушы фольклорлық әңгімеге тән шарттылық пен ондағы қабілеттің қыр-сырын тани білу көздерін

аша түседі. Жазушы Т.Ахтановтың «Алыстан жеткен сарын» [7, 328 б.] шығармасы тұтас-тай фольклорлық бағытқа негізделген. Шығарманың негізгі желісіне арқау болған нәрсе – аңыздық сарын. Жазушының талданып отырған туындысындағы әрбір баяндалатын оқиға нақтылы өмірге негізделген. Хан, уәзір балалары мен батырлар арасындағы сұлу қыз үшін талас – фольклорлық әңгіме-аңыздың сюжеттік негізі. Намыс үшін айқасқан екі жігіттің ерлігі мен ездігі, даналығы мен парасаттылығының басты қозғаушы күші – Айбарша сұлу. Ал, фольклорлық образдарды сомдау поэтикасын ашу барысында автор Айбаршаның тұрақсыз мінезі мен азғындық қасиетін жазба әдебиетке суреткерлікпен әкеледі. Шығарманың шарықтау шегінде тән құмарлығы мен әке мансабы, әке байлығына масаттанған Айбарша бейнесі өте кең көлемде суреттелген. Ондағы жағымсыз қасиеттердің барлығы бір ғана адамға бағытталмағанын, яғни оның зардабы туған ел, туған жерге деген қайырымсыздық екенін жазушы өте әсерлі жеткізеді. Демек, фольклордың бас жанрларына қарағанда, ауызекі әңгіме қандай да бір оқиғаға негізделіп туындайды. Болған оқиғаны бейнелеп шығады. Жазушы фольклорлық жанрдың осы ерекшелігін сақтай білген.

Сондай-ақ, әңгіменің тақырыбы «Алыстан жеткен сарын» атауының да мағынасы тым терең. Сол сарынның бүгінгі жас ұрпақ, қоғам үшін айтар ұлағаты айқын. Ол – әділет үшін өмір сүру идеясы. Ұрпақтың ата-анаға, туған жер мен туған елге деген озбырлығы неге жеткізеді, салқындық пен құмарлықтың түбі неге апарды дейтін мәңгілік сауалдарға автор өз шешімін тапқан.

Қазақ халқы ертеден салт-дәстүрін ұстанып, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетіп келген. Әйел адам әдеттен аттамай, үйдің отағасын яғни әкесін, ер азаматын ерекше сыйлап, құрмет көрсетіп, оған қарсы сөйлемеуі керек. Ата-бабамыз *отанасы – әйел затын* да қадір тұтып, бағалап келген. Осы тұста Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы да осыған дәлел. Шығарманың басты кейіпкері - Қасымбек әскери адам, аға лейтенант бола тұра жүрегі жұмсақ, жұбайына мейіріммен қарайтын қамқоршы азамат ретінде суреттеледі.

Тарихи даму жолында сан түрлі кезеңнен өтіп, көркемдік биікке жетіп, жанрлық, тақырыптық жағынан қанатын кең жая бастаған этнографиялық-фольклорлық сарындарды ғылыми саралау – бүгінгі күннің зерттеуді қажет ететін мәселесі болып табылады. Әрине, фольклор, этнография, көркем әдебиет өз алдына бағыт-бағдары бар жеке жүйе екені анық. Ал, олардың арасындағы көркемдікті бір ортаға ұштастырып, арадағы диалектикалық бірлікті сақтау тек қана хас таланттың қолынан келеді.

Алаш зиялыларынан бастау алатын бұл үрдіс қоғамдық өзгерістерге сай әдебиеттанудың да ең жауапты сауалы болып саналады. Себебі, көркем әдебиет ұлттың руханиятын саралап, заман талабына сай жауап қайырады.

Бүгінгі таңда қазақ прозасының сапалық өзгерістерге түсуі халқымыздың тарихи, күрделі сатыларынан хабар береді. Атап айтсақ, ұлттық прозадағы этно-фольклорлық үрдістердің көркемдік қырын ғылыми тұрғыдан ашып, көрсету кенже қалып келді. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген ұлттық сана мен ұлттық болмысты тұмшалау саясаты осының барлығына шектеу қойды. Ал, ендігі тәуелсіздік алған тұста бұл мәселелерді зерделеуге мол мүмкіндік туып отыр.

Қорытынды. Тарихи тақырыпты арқау еткен қазақ қаламгерлерінің танымдық-эстетикалық бағытында мифтік-фольклорлық сарын ерекше мәнде көрініс береді. Жазушылар поэтикалық мифтің адами құндылықтарын, оның бүгінгі заманның адамдарын қызықтыратын, тұрақтылық заңдылығын пайдаланып, бұрынғы тарихымызға, болмысымызға өзіндік пайымдауын енгізіп, жаңаша философиялық тұжырымдар жасап, өзгеше көркем образдар туғызды. Халық аңыздарының көркемдік мәні, тереңдігі, ауыз әдебиетінің жалпылама сипаты, жазушы туындыларында айрықша оюланып, жаңаша бағытта тың ойлармен беріліп отыр. Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер айрықша ізденістермен, көзқараспен пайымдалып келеді. Ертеден келе жатқан эпос-хикаялар, мифтер, ертегілер, аңыз-ән-

гімелер жаңа бағытта қайта жаңғыру үлгісімен оқырман жүрегіне жол тауып жүр. Қазіргі проза жанрындағы фольклорлық танымның жұмсалуды, туындының басты идеясын ашуға, образдың мінезін тануға, ақиқатты түсінуге жол сілтейді. Жалпы айтсақ, шеберлікпен қолданылған аңыз-әңгімелер қашан да өміршең ой, ұлттық таным беру құралы болып қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қасқабасов С.А. Ойөріс. / С.А. Қасқабасов - Алматы: Жібек Жолы, 2009. – 303 б.
- 2 Ахметова Б.З., Уразғалиева С.Б., Дускенова Д.О. Краткий казахско-русский, русско-казахский словарь литературоведческих терминов: учебно-методическое пособие. / Б.З. Ахметова, С.Б. Уразғалиева, Д.О. Дускенова – Костанай: Издательский дом «КГУ», 2016. – 64 с.
- 3 Амиркулова Ж.А. Қазақ фольклорындағы мәдени-философиялық мотивтер. / Ж.А. Амиркулова - Алматы: Рауан, 2014. - 275 б.
- 4 Жанұзақова Қ.Т., Өтепбергенова Г. Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі / Қ.Т. Жанұзақова, Г. Өтепбергенова // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –2014. - №4-5. – Б. 52-53.
- 5 Алаш көсемсөзі. VII том [Электронды ресурс] - URL: <https://qamba.info/site/book/online/alash-kosemsozi-vii-tm/content/toc.ncx/> (Қарастырған күні 17.01.2019)
- 6 Мағауин М. Шақан-Шері. Роман, хикаят, әңгімелер. / М. Мағауин – Алматы: Атамұра, 2005. – 288 б.
- 7 Ахтанов Т. Таңдамалы шығармалар 2-том. / Т. Ахтанов – Алматы: Жазушы. 1985. – 412 б.

Карлыгаш Байтанасова, Гульбану Нурлыбек

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Фольклорные мотивы в современной казахской прозе

Аннотация. В статье рассматриваются фольклорные мотивы в современной казахской прозе, а так же говорится о некоторых произведениях, которые встречаются в казахской прозе. Для каждого произведения была сделана научная формулировка фольклорного познания. А так же в настоящее время фольклорные мотивы в казахской прозе возраждаются в новом направлении. Выделение художественной литературы из других видов искусства само по себе означает ее многогранный характер. Среди них особенное значение имеет фольклор. Связь между фольклором и литературой дает важнейшую характеристику развития мировой литературы. В каждой эпохе литература направлена на фольклор и в результате, это открывает что-то новое. Фольклор и литература – две эстетические системы. Вот почему средства для их распознавания не одинаковы. Отношения между фольклором и литературой менялись в каждую эпоху. В некоторые эпохи этот процесс возраждается, а в некоторые эпохи замедляется. Тем не менее, связь между литературой и фольклором продолжалась. В современной литературе фольклорным традициям и художественному характеру внимание углубляется. Фольклорные произведения являются формой долговременного познания нашего народа.

Ключевые слова: проза, фольклорный мотив, традиционный фольклор, этно-фольклор, национальные познание

Qarlyғash Baytanasova, Gülbanw Nurlybek

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Folkloric motives in modern Kazakh prose

Abstract. The article describes some folkloric motives in modern Kazakh prose. From a scientific point of view, folkloric knowledge was created on the basis of each of the works. Also, the folklore of modern Kazakh prose is revival and artistry. Separation of fiction from other art forms itself is a multidimensional character. Among them folklore is unique. The historical relationship between folklore and literature is one of the most important aspects of the development of world literature. Literature turns to folklore in every era, and it is the only way to demonstrate the complex historical legitimacy, the attention of poets, writers to the real, historic, significant stages of folklore. Folklore and literature are two aesthetic systems. That's why the means for recognizing both of them are not the same. The relationship between folklore and literature has always been different in each era. In some eras, this process is slowing, and in some eras it slows down. Nevertheless, the interaction between literature and folklore continued. Today's literature also focuses on folk traditions, its artistic nature.

Folklore works are a form of long-term knowledge of our people.

Key words: prose, folk motive, traditional folklore, ethno-folklore, national cognition

References

- 1 Kaskabasov S. Oyöris [Watershed], (Zhibek Zholy, Almaty, 2009, 303 p.). [in Kazakh]
- 2 Akhmetova B.Z., Urazgaziya S.B., Dustkenova D.O. Kratkiy kazakhsko-russkiy, russko-kazakhskiy slovar' literaturovedcheskikh terminov: uchebno-metodicheskoye posobiye [A brief Kazakh-Russian, Russian-Kazakh dictionary of literary terms], (Izdatel'skiy dom «KGU», Kostanay, 2016. 64 p.). [in Russian]
- 3 Amirkwlova J.A. Qazaq folklorındaǵı mädeni-filosofiyalıq mäseleler körinisi: monografiya [A look at the cultural and philosophical problems of Kazakh folklore], (Qazaq wniwersiteti, Almaty, 2015, 134 p.). [in Kazakh]
- 4 Januzaqova Q.T., Ötepbergenova G. Qazaq prozasındaǵı дәstür men jañaşıldıq мәselesi [Problems of traditions and innovations in Kazakh prose], (QazUW xabarşısı, Filologiya seriyası, 2014, (4-5), P. 53-53). [in Kazakh]
- 5 Alaş kösemsozi [Alash poet], Tom VII, [Electronic version] Available at: <https://qamba.info/site/book/online/alah-kosemsozi-vii-tm/content/toc.ncx/> (Accessed: 17.01.19) [in Kazakh]
- 6 Magauin M. Şaqan-Şeri. Roman, xıkayat, ängimeler [Shakan-Sheri], (Atamura, Almaty, 2005, 288 p.). [in Kazakh]
- 7 Axtanov T. Tañdamalı şıǵarmalar [Selected Works], Tom 2, (Jazwşı, Almaty, 1985, 412 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәліметтер:

Байтанасова Қарлығаш – филол. ғыл. кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Нұрлыбек Гүлбану – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің I курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Baytanasova Kharligash – Candidate of Philological Sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nurlibek Gulbanw – Master degree student of I course of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2, Nur-Sultan, Kazakhstan.